



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№33 (1815)
11 қыркүйек
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Бас консул университет әлеуетін жоғары бағалады

Әл-Фараби
атындағы ҚазҰУ-дың
Басқарма Төрағасы
– Ректоры Жансейіт
Түймебаев Венгрияның
Алматыдағы Бас
консулы Ференц
Блауманнмен кездесті.



Оқу орнының басшысы кездесуде ҚазҰУ-дың бүгінгі таңда Венгрияның жеті университетімен, Яноша Кодолани атындағы қолданбалы ғылымдар, Обуда, Сегед, Батыс Венгрия, Эстерхази Карой, Питер Пазман католиктік және Шопрон университеттерімен ынтымақтастықта екенін атап өтті.

Сонымен қатар ректор білім ордасындағы ғылыми-инновациялық және білім беру қызметі мен студент жастардың жетістіктері туралы да кеңінен әңгімеледі.

Бас консул өз кезегінде университет қалашығының әсемдігі мен жайлылығын, жоғары деңгейде жабдықталуын ерекше атап өтіп, қазақстандық жетекші университеттің білім және ғылым саласындағы әлеуетін жоғары бағалады. Екі ел арасындағы өзара сенім мен ықпалдастықтың келешегіне

сенім білдіріп, әріптестік аясын кеңейтуді ұсынды.

Кездесу барысында тараптар білім, ғылым және мәдениет саласындағы екіжақты қарым-қатынастың жаңа мүмкіншіліктерін талқылады. Қазақстан – Венгрия жоғары оқу орындары арасындағы байланысты нығайтуға ықпал ететін қос диплом және академиялық ұтқырлық бағдарламаларын

дамытудың маңыздылығына мән берді. Сондай-ақ түркология, археология, медициналық білім бағыттары бойынша ғылыми байланыстарды күшейту турасында өзара пікір алмасып, ынтымақтастықтың өзге де басым бағыттарын дамытуға уағдаласты.

Айта кетсек, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 2018-2021 жылдар ара-

лығында Венгрияның жоғары оқу орындарында ҚазҰУ-дың 38 студенті мен жеті докторанты білім алды. Білім ордасының 20 оқытушысы Венгрия университеттерінде өткен түрлі конференциялар, біліктілікті арттыру курстарына қатысып, бірлескен жобаларды жүзеге асырды.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Дипломат дәріс оқуға арнайы келді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Басқарма Төрағасы
– Ректоры Жансейіт
Түймебаев белгілі
мемлекет қайраткері,
дипломат, ҚР Тұңғыш
Президенті қорының
Халықаралық бағдар-
ламалар орталығының
жетекшісі Қайрат
Әбусейітовпен
кездесті.



Оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, туған университетіне дәріс оқу үшін арнайы келген танымал тұлғаға алғыс білдірді. Тәуелсіз ел тарихын жастарға насихат-

таудың маңыздылығына мән бере отырып, ректор университетінің елімізде ғана емес, халықаралық деңгейде түрлі салаларда еңбек

етіп жүргенін тілге тиек етті. Ұлттық дипломатияның алдыңғы қатарында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлектері тұрғанын мақтанышпен жеткізіп,

қарашаңырақтың тарих факультетінің даңқты түлегі, бүгінде көрнекті тұлға Қайрат Қуатұлының тәуелсіз Қазақстанның дербес дипломатиясының қалыптасуындағы елеулі үлесін атап өтті.

Дипломат өз кезегінде қарашаңырақ ұжымына қонақжайлылығы үшін ризашылық білдіріп, ерекше толқынысты сезгенін айтты.

Кездесу «Қазақстан дипломатиясының қалыптасуы мен дамуы: Н.Назарбаев моделі» тақырыбындағы дәріске ұласып, оған оқытушы-профессорлар қауымы мен білім алушылар офлайн және онлайн қатысты.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Басқарма
Төрағасы – Ректоры
Жансейіт Түймебаев
Қазақстандағы Индонезия
Республикасы елшілігінің
кеңесші-уәкілі Иман
Прахадиан Хавидпен
кездесіп, екіжақты ынтымақ-
тастық мәселелерін
талқылады.

Индонезия университеттерімен байланыс күшейеді



Оқу орнының басшысы Индонезия университеттерімен қалыптасқан өзара әріптестік барысына шолу жасай отырып, ынтымақтастықты одан әрі жандандыру жолдарын ұсынды. Бұл ретте ректор Индонезияның өзге де жетекші университеттерімен стратегиялық әріптестік орнатуға мүдделі екенін жеткізді. Оқытудың озық әдістерін енгізу, ғылыми зерттеулерді дамыту бағытында тәжірибе алмасу үшін бірлескен офлайн және онлайн конференциялар, семинарлар мен симпозиумдар өткізудің қажеттігіне тоқталды. Сонымен қатар жоғары оқу орындарында жүргізіліп жатқан зерттеулер туралы материалдарды жариялау және тәжірибе алмасу, ғылым мен инновацияларды дамытудың басым бағыттары бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер ұйымдастырудың маңыздылығына назар аударды.

Елшілік өкілі өз кезегінде әсем Алматы мен бірегей студенттік қалашықтың көркем келбетін ерекше айтып өтті. Өзара ынтымақтастық аясын кеңейтудің өзектілігіне мән беріп, ұсыныстарға қолдау білдірді. Білім, ғылым және мәдениет саласындағы жобаларды жүзеге асыру академиялық орта ғана емес, жалпы Қазақстан мен Индонезия халқының игілігі үшін де пайдалы боларын атап өтті.

Сондай-ақ кездесуде мәртебелі мейманға қарашаңырақтың жоғары жетістіктері мен қалашық аумағы таныстырылып, өзара ықпалдастықтың маңызды сұрақтары қарастырылды.

Өз тілшімізден



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:
**Жолдау өзегі –
ел үшін
еңбек ету**

2



Клара ҚАБЫЛҒАЗИНА:
**Бірлігі мықты
елдің ырзығы
мол**

5



**Бактериялар
өндірген
ВІОпластик**

6

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында ең алдымен Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне тоқталып, береке-бірлік пен тату тірлік арқылы қол жеткізген ең қастерлі құндылығымызға айрықша мән берді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясаты мен көшбасшылық қасиетінің арқасында бүкіл әлемге танымал, іргесі біртұтас, жаңа мемлекет құрылғанын тілге тиек ете келе, «Егемендік дегеніміз – жалаң ұран мен жалынды сөз емес. Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы», – деп, алдағы уақытта да барлық бастаманың осы бағытта жалғасатынын атап өтті.

Жансейіт Қансейітұлы ТҮЙМЕБАЕВ,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры:

Жолдау өзегі – ел үшін еңбек ету

Әр азамат Тәуелсіздік игілігін сезінуі үшін біздің мемлекетіміз үш онжылдық белесте егемендіктің әр сәтін қалт жібермей, әр қадамын мұқият ойластырып әрекет етті. Елбасының көреген саясатымен әр жылға, әр мақсатқа нақты жоспарлар құрылып, даму бағдарламалары жасалды. Көзделген меженің барлығы уақытынан бұрын еңсеріліп, азғана уақыт ішінде Қазақстан әлемдегі орнықты, беделді мемлекетке айналды.

Бүгінгі таңда ел билігін қолына алған Қасым-Жомарт Кемелұлы стратегиялық жобалар мен жүйелі реформаларды жаңа саяси бағытта лайықты жалғастырып келеді. Демек, біздің елдегі табыс пен жетістік кілті – Елбасының келешекті көре білген кеменгерлігінен және Мемлекет басшысы жүргізіп отырған саяси сабақтастықтың беріктігінен деп тұжырымдауға болады.

Тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығында баршамызға жүктелген жауапкершілік пен көтерілген мәселелер Мемлекет басшысының жыл басындағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласымен үндесіп жатқаны да көңіл қуантады.

Президент: «Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс», – деген еді.

Әр қазақстандық үшін Тәуелсіздік жолындағы күрес – өз қызмет орнында, қоршаған ортасында, отбасында адал еңбек етіп, өзі жауапты саланың дамуына аянбай үлес қосуы деп білеміз. Президент айтқандай, жалаң ұран мен жалынды сөз емес, нақты іспен нәтиже көрсету. Ұлт болып ұйысып, жұрт болып жұмылу арқылы пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономикалық және әлеуметтік ахуалды заман талабына сай жандандырып, Орталық Азиядағы, әлемдік аренадағы көшбасшылық рөлімізді нығайтуға күш салу. Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде «Қарапайым заттар экономикасы», «Бизнестің



жол картасы» бағдарламасының мерзімін 2022 жылға ұзартып, Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу мен дамыту бойынша нақты шешімдер күтетінін жеткізді. Сонымен қатар азық-түлік бағасы, мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығын технологиямен жабдықтау мәселесін де айналып өтпеді. Соның ішінде цифрландыру жүйесін жолға қойып, IT секторды дамытуды тапсырды.

Осы орайда, қазақ білімі мен ғылымының қарашаңырағы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Президент тапсырмаларын кезең-кезеңімен жүзеге асыруға әзір. Мәселен, 100 мың жоғары білікті IT маманын даярлау үшін ақпараттық технологиялар факультетінде жаңа оқу бағдарламалары қарастырылып, студенттер саны жыл сайын көбейтіледі. Биыл жеті мамандық ашылып, 400 студент, 200-ге жуық магистрант, 34 докторант қабылданды. Алдағы жылы 900-ге жуық бакалавр, 150-ден астам магистр, 35 докторант – барлығы 1000-нан астам IT маманы қолына диплом алады. Жаңа технологияларды меңгерген, бәсекеге қабілетті, білікті IT мамандарын оқыту аясын кеңейту Президент талабына сай, күшейтілетін болады.

Президент Жолдауында денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру, індетпен күрес шараларын күшейту, медицина өнімдерін зертханалық және

техникалық сынақтан өткізетін орталық құру, еліміздің биологиялық қауіпсіздігін болжаумен айналысатын Ұлттық жүйе жасақтау мәселесі де күн тәртібіне қойылды.

Осыған сәйкес, ҚазҰУ-дың медицина, биология және химия факультеттері мен кафедралары бірлесе отырып жаңа ғылыми әзірлемелер дайындап, іргелі зерттеулер жүргізіп, талдамалар жасауға, аталған саладағы білікті мамандардың тәжірибесін жетілдіруге басты назар аудармақ.

ҚазҰУ мамандары мен ғалымдарының ҚР БҒМ комитетінің жұмыс тобының құрамында ДДҰ-ның QazCovid-19 вакцинасын сертификаттауға құжаттарды дайындауға сарапшы ретінде қатысқанын атап өткім келеді.

Сонымен қатар ҚазҰУ мен Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты (БҚПФЗИ) вирусолог-мамандарды бірлесе даярлау туралы келісімге келді. Елімізде алғаш рет ҚазҰУ биотехнология кафедрасының, биология және биотехнология факультетінің және биологиялық қауіпсіздік проблемалары FЗИ BSL-2 және BSL-3 зертханаларының базасында вирусолог-мамандарды даярлап шығарады. Алдағы жылы биотехнология кафедрасының меңгерушісі Аида Қыстаубаева вирусология бойынша қос диплом бағдарламасын ашуды жоспарлап отыр. Paris Saclay университетімен

алдын ала келісім бар, студенттер екі семестр бойы Париж университетінің үздік зертханаларында білім алады. Биология факультетінде биоэнергетика лабораториясын ашу жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысы жаңа оқу жылының басында педагогика саласы қызметкерлерінің айлығын өсіру үшін алдағы үш жылда 1,2 триллион теңге жұмсалатын

нығай ұлттық геологиялық қызметі құрылатынын айтты. Бұл экономика мен ғылымды біріктіретін үлкен құрылым болмақ. Біз университетіміздегі география және табиғатты пайдалану факультеті базасында осы бағытта терең ғылыми талдамалар мен зерттеулер жүргізуге дайынбыз.

Жолдауда жұрт көңілінен шыққан тағы бір тақырып – мемлекеттік тіл. Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ата заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі. Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл отаншылдықтың басты белгісі деуге болады», – деді.

Мемлекет басшысы бұған дейін де қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін күшейтіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналдыру қажеттігін мәлімдеген. Сондай-ақ «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында: «Қазақ тілінің жағдайы туралы айтқанда, мемлекетіміздің негізін қалаған Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың айрықша еңбегін атап өтуге тиіспіз. Ол елімізде мемлекетқұрушы ұлттың саны едәуір аз болғанына қарамастан, Қазақстанның Тәуелсіздігін жариялады. Сондай аумалы-төкпелі кезеңнің өзінде Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей ықпал етуімен Парламент қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялады.

Мемлекеттік қызметке, оның ішінде халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындау кезінде кәсіби біліктілігіне қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басымдық беру керек. Парламентте немесе баспасөз мәслихаттарында мемлекеттік тілде сөйлеп, пікір алмаса алмайтын мемлекеттік қызметкер ұғымы, ең алдымен, қазақ азаматтарының арасында анахронизмге айналуға тиіс», – деп нақтылап өткен.

Бұл тапсырмаларды бұлжытпай орындау және айтпай-ақ түсініп жасау – біздің міндетіміз. Өйткені мемлекеттік тіл – Тәуелсіздіктің басты белгісі. Талай тарихты бастан кешірсек те, ана тіліміз өзінің қадір-қасиетін жоғалтпай келеді. Дегенмен қазақ тілі жазба әдебиетте көрініс тауып қана қоймай, толыққанды ғылым тіліне айналуы тиіс. Ол деңгейге жету үшін ұлттық намыс пен жігермен қоса, ғалымдарымыздың ізденіске толы ерен еңбегі мен терең білімі керек. ҚазҰУ ғалымдары мемлекеттік тілді ғылым тіліне айналдыруды қолға алып, ғылыми жаңалықтардың қазақ тілінде жазылуына басымдық береді.

Қазақстан Президенті сөз соңын: «Мықты мемлекет болу үшін ұлттың ұйыса білуі айрықша маңызды. Шын мәнінде ұйымдасқан ұтады. «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» деп халқымыз бекер айтпаған. Біздің күш-қуатымыз – берекелі бірлікте. Ендеше бірлігімізді бекемдеп, ел үшін еңбек етейік! Қасиетті Отанымыз мәңгі жасай берсін!» – деп аяқтады.

Ендігі жерде әрқайсымыз Мемлекет басшысы жүктеген жауапкершіліктерді сезініп, барлық бастамаларды лайықты жүзеге асыруға міндеттіміз. Өйткені Жолдау тұжырымы – Тәуелсіздікті сақтау, ел үшін еселі еңбек ету.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан халқының тілдері күніне орай, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференция жұмысына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, ғалымдар мен белгілі қоғам қайраткерлері, оқытушылар және студенттер қатысты.

Ұлы даланың ұлтаралық тілі

Конференцияны құттықтау сөзбен ашқан университет ректоры Жансейіт Түймебаев: «Тілдер мерекесі 1998 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жарлығымен бекітілген. Елбасының «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту» деген тапсырмасы әрдайым жадымызда тұруы тиіс», – деп атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев күні кеше «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында мемлекеттік тіл мәртебесіне айрықша тоқталып: «Ата заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі. Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл отаншылдықтың басты белгісі», – деп нақты айтты.

Жолдауды университет ұжымымен талқылау барысында және «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген мақаласында университет басшысы: «Қазақ тілі ғылым тіліне айналуы тиіс», – деді. «Ол үшін жас ғалымдарымыз ғылыми жаңалықтарын қазақ тілінде жазуды қолға алуы



қажет. Бұл маңызды миссияға білім алушы жастарымыз түгел атсалысады деп сенемін», – деді ректор.

Жолдау жүктеген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында университет биылғы мерекені «Тілдер фестивалі» деңгейінде ұйымдастыруда. Арнайы көрмелер, әр факультетте көшбасшылық дәрістер, ғылыми-танымдық кештер, дөңгелек үстелдер жүзеге асты.

Қазақ тіл білімі мен ғылымының бастауында Алаш қайраткері, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың тұратыны сөзсіз. Ол алғаш ұлт руханиятына араласып, Қарқаралыда оқытушы болып жүрген кезеңде: «Қазақ даласында оқу-ағарту ісі дұрыс жолға қойылсын. Ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын, оқу ана тілінде жүр-

гізілсін», – деп, Ресей министрлер кеңесіне петиция ұйымдастырып, хат жолдаған. Осыдан-ақ Ахмет Байтұрсынұлының қандай ұлт патриоты болғанын, тіл жанащыры болғанын аңғаруға болады.

Айта кету керек, Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы»

мәртебесін арттыру міндеттерінің маңыздылығын атап өтті. Спикерлердің пікірінше, Қазақстанның әрбір азаматы қазақ тілін білуге міндетті. Тіл тағдыры – бүкіл мемлекеттің тағдыры.

Бүгінде тәуелсіз елімізде 100-ден аса этностар бейбіт өмір сүріп, тілі мен мәдениетін дамытып отыр. Халықтар бірлігін нығайту, Қазақстан халқының тілдерін зерттеу бағытында университет Қазақстан халқы Ассамблеясымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс атқарып келеді.

Сондай-ақ конференция барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, профессор Анар Салқынбай, Жалпы тіл білімі және Еуропа тілдері кафедрасының меңгерушісі, профессор Раушан Авакова, Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, профессор Нүргелді Уәли, Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымының кандидаты Анар Фазылжан, филология ғылымының докторы, профессор Орынай Жұбаевалар да қатысып, баяндамалар жасалды. Қазақ лингвистері мен филологтары

атты оқулық кітабы 1925 жылға дейін жеті рет басылып, қаншама қазақ баласы хат танып, сауат ашқан. Биылғы жаңа оқу жылында Білім және



ғылым министрлігінің бастамасымен мектеп оқушыларының қолына тиген «Әліппе» Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» негізінде қайта жасалғанын атап өтуіміз керек.

Конференция барысында Парламент Мәжілісінің депутаты Наталья Дементьева, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Жол активтерінің ұлттық сапа орталығының ресми өкілі Алла Чечеткина, Алматы облысы Ақсу ауданы Қапал ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Владимир Чепел, Алматы қаласы әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі Мамай Ахетов сөз сөйлеп, мемлекеттік тіл

Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тіл білімі саласындағы ғылыми ізденістерінің, қазақ тілін оқыту әдістемесі мен қазақ жазуын реформалаудың маңыздылығын атап өтіп, өздерінің ғылыми көзқарастарымен бөлісті.

Конференция жұмысын қорытындылай келе, оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев: «Келесі жылы ұлт ұстазының туғанына 150 жыл толады. Университет ұжымы бұл елеулі датаға биылдан бастап үлкен дайындық жұмыстарын бастап, ауқымды іс-шараларды қолға алады», – деп атап өтті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Құнды кітаптар сыйға тартылды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Сұңқар» студенттер және магистранттар кәсіподағы Тілдер мерекесіне орай, «100 кітапты иелен!» атты акция өткізді. Тілдер апталығы аясында университет қалашығы аумағында өткізілген шараға студенттермен қатар, оқытушы-профессорлар да атсалысты.

Акция барысында тілдер және оның тарихы туралы түрлі сұрақтарға дұрыс жауап берген қатысушыларға әл-Фараби мен Абай кітаптары сыйға тартылды.

Филология факультеті «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрағасы Дидар Құрман Тілдер мерекесіне арналған шараның биыл форматы өзгергенін жеткізді. Ол: «Біздің ұйым жыл сайын Қазақстан халқы тілдері күніне орай, түрлі шаралар өткізеді. Өткен жылдары бауырсақ-пати ұйымдастырсақ, бұл жолы «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген аса бағалы кітаптарды ұсынуды жөн көрдік. Қатысушы жастар сұрақтардан бөлек, тіл туралы көптеген мақал-мәтел, нақыл сөздерді білетінімен қуантты», – дейді.



Шараға қатысқан университеттің 3-курс студенті Ғанибет Есетова жастарды ана тілін құрметтеуге және кітап оқуға ынталандыратын мұндай шараларды қолдайтынын білдірді. «Мен тіл туралы сұрақтарға жауап беріп, әл-Фараби мен Абай шығармаларын ұтып алдым. Қолыма аса құнды кітаптардың түскеніне қуаныштымын. «Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте» деген сөз бар. Жастарға ой салар осындай пайдалы шаралар көп болғанын қалаймын» деген пікірімен бөлісті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Ұлт ұстазына арналған апталық

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Тілдер апталығы басталды. Қазақстан халқының тілдері күніне орайластырылған дәстүрлі шара биыл республикалық деңгейде ұйымдастырылып, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлына арналып отыр.



регі», «Ұлттық ғылым мен тәлімнің ұйытқысы» тақырыптарында дөңгелек үстел, «Өссе тілім, мен де бірге өсемін», «Тіл мерейі – ел мерейі», «Мақсатым – тіл ұстар-

Қарашаңырақтағы Тілдер мерекесі қазақ әліпбиінің негізін салған ғалымның туған күнінде бастау алды. Бұл күні филология факультеті Қазақ тіл білімі кафедрасының ұйытқы болуымен белгілі алаштанушы ғалым, ф.ғ.д., Назарбаев университетінің профессоры Айгүл Исмақова студенттерге арнап «Ахмет Байтұрсынұлы тағылымы» атты көшбасшылық дәріс оқыды. Профессор ға-

лымның қоғамдық қызметі мен ғылыми зерттеулеріне талдау жасап, әдебиет теориясын дамытудағы рөліне ерекше тоқталды.

Апталық аясында мемлекеттік тіл – қазақ тілінің мәртебесін көтеруге, ұлықтауға және насихаттауға бағытталған көптеген тағылымдық шаралар өтпек. Атап айтсақ, «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» атты республикалық конференция, «Тіл – достықтың ті-

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ



Известный государственный деятель, дипломат, руководитель Центра международных программ Фонда Первого Президента РК Кайрат Абусеитов на днях посетил КазНУ им. Аль-Фараби, где в 80-ые годы учился и преподавал. После официальной части своего визита в альма-матер дипломат дал эксклюзивное интервью для газеты «Қазақ университеті».

– Кайрат Хуатович, Вы начинали свою карьеру с должности преподавателя истории в ВУЗе. Как Вы выбрали свою профессию?

– С детских лет я был склонен к гуманитарным наукам, к сожалению, точные науки для меня до сих пор тайна. Поэтому выбрал исторический факультет Казахского государственного университета имени С.М.Кирова, специальное отделение с английским языком. Здесь мы по-

– Каждая страна имеет свои плюсы и минусы. Тут трудно выделить одно из государств, где понравилась больше. Конечно, меня больше впечатлило мое пребывание в Соединенном Королевстве Великобритании. Там я пробыл 7 лет послом. Это страна с богатой историей. С первых же дней было ощущение, что тебя там понимают. Знаете, это важное ощущение, потому что вряд ли кто в мире знает больше о нашем регионе, о Казахстане, чем Британская школа востоковед-



Кайрат АБУСЕИТОВ, государственный деятель, дипломат:

КазНУ всегда был флагом и остается

лучили очень серьезные фундаментальные знания об истории. Очень большие значения имели преподаватели с кафедры общей истории Жарас Ибрашев, Гүлжау-хар Жанбатырова и другие. Ка-федра общей истории занималась изучением начиная с Древнего Рима, кончая новейшей историей. Нам усиленно преподавали европейскую тематику, историй других стран, хотя основные силы были направлены на отечественную, казахскую историю.

– Какие навыки Вы приобрели в стенах КазГУ им. С.М.Кирова и как они Вам помогли в будущем?

– Так получилось, что мне первому довелось защитить кандидатскую диссертацию по Соединенным Штатам Америки в Казахстане. Это было в далеком 1985 году. В этом мне очень помогли знания, багаж, который приобрел именно в университете. Затем закончил аспирантуру МГУ им. М.В.Ломоносова и вернулся преподавателем в КазГУ им. С.М.Кирова. Моя трудовая деятельность начинается отсюда.

– Кайрат Хуатович, Вы много лет работали дипломатом в европейских государствах. Какая страна Вас больше вдохновила?

ние, традиционные эксперты. Начиная с XIX века англичане начинали колониальную политику. У них сильная школа, они до тонкости знали, понимали что такое Великая Степь. На мой

взгляд Британская, французская школа до сих пор самая сильная. Понятно, что многие эксперты работают на спецслужбы и на политические органы, но их информация из восточных источ-

ников доступно для широкого круга. Мне кажется это очень хорошо.

– Какие мечты детства Вы воплотили в жизнь?

– В детстве я не мечтал и не

думал, что буду послом. Но мама настраивала меня стать диплома-том, что это работа мне подойдет. В подростковом возрасте ходил в музыкальную школу и одновременно занимался футболом, чис-лился в сборной команде Казах-стана. В 9-10 классе усиленно занимался английским языком, в будущем это мне очень помогло. Ко мне приходила учить ан-глийскому языку, жена репрессии-рованного посла СССР в Китае, Антонина Михайловна. Ей тогда не разрешили выезд в Москву и она осталась жить в Казахстане. Детская мечта поступить в ВУЗ сбылась, затем, после универси-тета поступил в аспирантуру МГУ им. М.В.Ломоносова. Для меня МГУ очень большая школа была для дальнейшей карьеры многое дала. Моими учителями были известные российские историки – покойный профессор Евгений Федорович Языков и Николай Васильевич Сивачев, многим им обязан.

– Вас все знают как дипломата, тем не менее Вас часто приглашают читать лекции для разных аудиторий. По-вашему, какими качествами должен обладать преподаватель ВУЗа?


– На мой взгляд, любой пре-подаватель высшего учебного заведения должен быть интелек-туалом, примером для подра-жания для студентов. Он должен досконально знать свой предмет. Я бы так сказал, любое обучение – это двустороннее движение, то есть с одной стороны препода-ватель, с другой стороны – сту-дент. Если здесь одного компо-нента отсутствует – образования нет. Казахский государственный университет имени аль-Фараби всегда был флагом и остается флагом среди высших учеб-ных заведений страны. Здесь все условие есть – углублять, уточнять, расширить свои знания в любом направлении науки, есть большие возможности для научных открытий, инновационных про-ектов. Преподаватели должны уметь заинтересовать студентов, направлять в нужное русло. Преподаватель в студенческой аудитории должен обладать, улавливать ту атмосферу, хотя бы постараться понимать чем «дышит» студент. Это тоже очень важный момент в работе педаго-га. Будь это преподаватель или студент, самое главное – должен быть интерес к науке.

– Считаете ли Вы себя примером для подража-ния? Какие советы можете дать студентам – будущим дипломатам?

– Я себя не считаю примером для подражания. Для будущих дипломатов скажу, что первую очередь надо учиться, поднять свой интеллектуальный уровень. Цените время отведенное на учебу. Самое главное и очень важное, чтобы потом не кусать себе локти свои. Мой главный совет студентам, которые хотят стать дипломатами – это не жалее себя заниматься наукой, приобретать, приобретать и еще раз приобре-тать знания. Черпайте знания из разных источников пока есть у вас возможность и время. Потом когда приступите к практической работе начнется другая жизнь, возможность учиться не будет.

– Спасибо Вам. Удачи!

Беседовал
Каиржан ТУРЕЖАНОВ



«ҚазССР» деп таңбаланатын мемлекетіміздің тәуелсіз Қазақстанға айналғанын естіген күн мәңгі есімде. Қолымда екі жастағы балам бар еді... Іштегі бұлқынған, буырқанған, лақ етіп шығарға саңылау таппай тұрған көп жылдарғы қордаланған жалын көзден тарам-тарам ағылды-ай дерсің... Не болғанын түсінбеген сәби кішкентай саусақтарымен бетімді сүртіп жатыр, «Құлыным-ай, сен азат елдің ұрпағы боласың» деп сөйлеп қоямын.



Клара ҚАБЫЛҒАЗИНА, журналистика факультетінің профессоры:

Бірлігі мықты елдің ырзығы мол

Бостандық, еркіндік, әлдекімдерге жалтақтамау, өз ана тілін еркін қолдана алу, үстемдік құрушы тілді түсінбегенің үшін қорлық көрмеу деген асыл арманымыз еді. Адам болған соң еркіндікті, бостандықты аңсайды, армандайды, сол үшін әрекет етеді, күреседі. Тәуелсіздік деген бабаларымыздың арманы, аңсауы еді, енді соған қолымыздың жеткеніне отыз жыл болды.

Ол кездері қазіргідей гаджеттің түр-түрі жоқ, күндіз радиодан шала естіп қалдым ба деген жымиысқой ой да жоқ емес, кешкі хабарды күтіп сарсылдым. Толқи отырып халқымыздың тағдырын шешкен жаңалықты диктор да жеткізді-ау... Алдымен құттықтанған түрік ағайындар екенін естіп, марқайып қалдым.

Міне, сол бақытты күннен бері отыз жыл өтіпті. Бұл аралықта Қазақстан шекарасын бекіткен, дербес, зайырлы ел қатарына жетті. Алайда осындай жеңіске қол жеткізген соң, оны сақтап қалу одан да қиын міндет екенін түсіндік қазір. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін ел ішінде алауыздық болмауы керек. Ал ол мақсат жолында халыққа біртұтас идея, жұмылдырушы күш, мақсат-мұрат қажет. Анығырақ айтқанда, ұлттық идеяның мықты болуы алдыңғы кезекте деген сөз. Идея сыртқы дүниені бейнелейтін қоғамдық сананың пішіні болса, енді бірде адамның басты сенімі орнына қолданылады.

ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев кезекті жолдауында «Қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел» деген пікірді айтты. Әлем елдерімен терезесі тең мемлекет атану, елінің тұрмысы бай, саналы, сауатты ұрпақтары ертеңіне сеніммен қарайтын ел болу еді. Ел ішіндегі тұрақтылық пен тұтастықтың бірқалыпты дамуының негізгі тұтқасы – ұлттық бірлік пен қо-

ғамдық келісім. Ал бұл құндылықтар Елбасының «Мәңгілік ел» атты жалпыхалықтық идеясында көрініс тапқан. Мәңгілік елге айналу үшін тәуелсіздікті сақтап, елдігімізді нығайту – басты мақсат. Өйткені тәуелсіздік ұғымы халқымыздың мұраты, ғасырлар бойғы арманына айналған, сонау Алаш тұлғаларының зердесі мен өнегесімен келген аманат дүние болатын.

Елбасы бес институционалдық реформаны талдау барысында тарихтың жаңа белесінде тұрған ұлттың бірлігін нығайтуды ерекше назарға алды. «Қоғамымыздың көптірлілігі – біздің әлсіздігіміз емес, күшіміз. Барлық азамат құқықтың бірдей көлемін пайдаланып, жауапкершіліктің бірдей жүгін арқалап және түрлі мүмкіндіктерге бірдей қол жеткізуі тиіс. Біздің қоғамымыз неғұрлым қуатты және біртұтас бола отырып, тарихи тұрғыда көптеген тілдерден және мәдениеттерден қалыптасты. Бүгінде бізді «Мәңгілік ел» құндылықтары: азаматтық теңдік, еңбексіздіксіздік, адалдық, оқымыстылық, толеранттық, шын берілгендік пен патриотизм біріктіреді», – деді. Шындығында, бірлігі мықты, іргесі бүтін елдің қашанда ырзығы мол. Еліміз осындай баға жетпес байлығы – татулығымен мақтана алады.

«Мәңгілік ел» – жалпықазақстандық ортақ шаңырақтың ұлттық идеясы әрі бабаларымыздың асыл арманын, аманатын жүзеге асыру болып қарастырылғаны абзал. Яғни Мәңгілік ел болу – шектеусіз ғұмыры бар, тәуелсіз, тұғыры біік, ғылым-білімі дамыған, бірлігі жарасқан алдыңғы қатарлы, әлем таныған алпауыт елге айналу. Сондықтан да мәңгілік әрі бәсекеге қабілетті ел болу үшін болашақ ұрпағымыз осы негіздегі мықты идеологияны бойына сіңірген болуы керек.

Отанды сүю – әрбір ұрпағымыздың, азаматтарымыздың міндеті. Өткенді ұмытуға болмайды.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА АРНАҒАН «ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ» ЖОЛДАУЫНАН:

Құзырлы министрлік жоғары білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз етуге тиіс. Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жасау беруге міндетті. Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз.

